

ӨОЖ 343.359.2

Д. Б. Алиева, ҚР Қаржы академиясының магистранты

ҰЙЫМДАРҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚТАРДЫ ТӨЛЕУДЕН ЖАЛТАРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Бұл мақалада экономикалық, соның ішінде ұйымдарға салынатын салықтарды төлеуден жалтару саласындағы қылмыстардың туындау себептері, аталған себептердің бірі ретінде ұйымдарға салынатын салықтарды төлеуден жалтару саласындағы қылмыстық заңнамадағы оқылықтар қарастырылған. Осыған орай, аталған оқылықтарды жетілдіруге байланысты ұсыныстар келтірілген.

Түйінді сөздер: ұйымдарға салынатын салықтарды төлеуден жалтару, салықтық қарым-қатынастар, кәсіпорындар, салық саласындағы қылмыстармен күрес, салық төлемдерінен жалтару әдісі.

Қазақстан Республикасында қалыптасқан құқықбұзушылықтың, соның ішінде қылмыстың тұрақты өсу тенденциясы қоғамдағы адамгершілік саяси ахуалға аса зиянды әсерін тигізіп отыр, онда адами психологиялық күйзелістің, адамдардың ертеңгі күнге және өзінің қауіпсіздігіне деген сенімсіздігінің күшеюіне жағдай жасайды.

Жалпы қылмыстардың құрамында экономикалық қылмыс елеулі орын алады. Республикадағы экономикалық жағдай кредиттік-қаржылық жүйеде көрініс бермей қалмайтын дағдарыстық құбылыстармен сипатталады. Осы жағдайларда экономика мен қоғам аса ауыр жағдайда тұр. Дағдарыстық хал-ахуал ұлғайып, экономикалық апатқа алып баруы мүмкін. Мемлекет ақша айналымын, бағаны, банктер мен салықтарды елеулі дәрежеде бақылаудан шығарып алды. Осымен байланысты кредиттік қаржылық қатынастардағы экономикалық қылмыстар банк істері саласында, ақшалай есеп айырысу жүйесінде түрлі қылмыстық формаларда, бәрінен бұрын қаржыны рұқсат етілмеген жолмен қолмақол ақшаға айналдырумен, жалған ақша жасау процестерінің ұлғаюымен, салықтар мен басқа да бюджетке міндетті төлемдерді төлеуден жалтарушылықпен көрініс табуда.

Тұтастай экономикалық қылмыстардың туындауына және жасалуына құныққан пайдакүнемдік қылмыстар, реформалардың құқықтық базасындағы кемшіліктер, мемлекеттік органдардың тарапынан басқару аппараты, кәсіпорындар мен кәсіпкерлер әрекетінің зандылығын бақылаудың жоқтығы, құқық қорғау органдары жұмысындағы кемшіліктер жағдай жасайды.

Экономикалық қылмыстың өсуіне тағы да бірқатар себептер әсер етеді, олар: әкімшілік — бюрократиялық механизмнің өріс алуы және сыбайлас жемқорлықтың өсуі, екі жүзді мораль, биліктің жоғары эшелоны өкілдерінің қылмыстық әрекетіне қатысу, қатардағы азамат пен басшының заң алдында шын мәніндегі теңдігінің жоқтығы, еңбектің нәтижелеріне және мемлекет меншігінің сақталуына шын мәніндегі ынталылықтың болмауы.

Экономикалық қылмыстармен күрес жөніндегі аппараттар объективті және субъективті себептерге байланысты бұған кешігіп ден қойды. Сондықтан келтірілген зиян — орасан зор, ал зиянның орнын толтыру төмен болды. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының экономикалық әлеуетін талантаражға салудың жолына сенімді тосқауыл қоюға қабілетті нормативтік-құқықтық база жасау қажет. Бүгінде «фиск» сөзі мемлекеттік қазына дегенді білдіреді¹. Сондықтан Үкіметтің экономикалық жағдайға қазынаның есебінен (салықтар мен бюджеттік шығындарды өзгертумен) ықпал етуге тырысуы «фискальдық саясат» деген атқа ие болды. Фискальдық (салықтық-бюджеттік) саясат нарықтық-экономиканы реттеудің орасан мүмкіндіктерін қолдана алады. 30-40 пайыздан жоғары салықтар салу кәсіпкерліктің іскерлік белсенділігін төмендетіп, жаппай салықтардан «қашуға», яғни олардан жалтаруға жағдай жасайтыны, бұл салықтық базаның азаюына әкеліп соқтыратындығы жалпыға белгілі және тәжірибеде дәлелденген. Республикамызда кәсіпорындар орта есеппен салық түрінде өз пайдасының 30-40 пайызға жуығын төлейді. Алайда, сонымен бірге, тіркелмеген шаруашылық қызметі — «көлеңкелі экономика» деген болады, ол мемлекетке мүлде ештеңе төлемейді. Қаражаттың экономиканың көлеңкелі бөлігіне ауысуы бюджеттің кіріс бөлігіне елеулі соққы болып табылады².

Қазақстан Республикасының нарықтық экономикаға көшуі, кәсіпкерліктің дамуы, өнеркәсіптердің жаңа ұйымдастырушылық құрылымдарының пайда болуы және жеке меншік түрлерінің көптігі салық заңнамасының белсенді түрде дамуына және салықтық қарым-қатынастардың қалыптасуына ықпал етті. Осымен бірге жаңа қылмыс түрі — салық төлемдерінен жалтару пайда болды. Аталған әрекетті жасау-

дың негізінде мемлекет ірі шығынға тап болады, себебі, бюджетке оның табыс бөлігінің негізін құрайтын елеулі ақша қаражаттары түспейді.

Соңғы кездері Қазақстанда мемлекеттің бюджеттік жүйесіне елеулі зиян тигізетін, сонымен қатар заңға құлықты салық төлеушілердің кәсіпкерлік қызметінің бәсекелестікке қабілеттігін төмендететін салық төлемдерінен жалтару фактілері кең таралуда.

Елбасымыздың «Қазақстан-2050» бағдарламасы Қазақстан халқына Жолдауында салық саясаты жөнінде: «біз нарық қатысушыларын салық төлемдерінен жалтару тәсілдеріне емес, бәсекелестікке бейімдеуге тиіспіз» делінген³.

Қаржы полициясы органдарының қылмыстық іс материалдарын зерттеу барысында, салық төлемдерін төлеуден жалтару қылмысының динамикасы жоғарлап келе жатқаны анықталды. ҚР БП ҚС және АЕК алынған статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2011 жылдың 12 айы бойынша салық қылмыстарының саны 1141 -ге, 2012 жылдың 12 айы бойынша 1906-ға жеткен⁴. Бірақ, ресми статистикалық мәліметтер салық төлемдерін төлеуден жалтарудың нақты санын толығымен көрсетпейді. Бұл экономикалық, соның ішінде салық қылмыстарының жоғары латенттілігімен байланысты. Өйткені, біріншіден, аталған қылмыстардың 80 пайыздан астамы ашылмай қалып отыр, екіншіден, салықтық тергеулердің нәтижелілігі бұрынғысынша өте төмен қозғалған қылмыстық істердің орта есеппен оннан бір бөлігі ғана сотқа жеткізіледі. Бұл бәрінен бұрын салық саласындағы қылмыстармен күреске қатысушы бақылау-тексеру және құқық қорғау органдарының жұмысындағы кемшіліктермен байланысты. Сонымен қатар, салық салу саласындағы қылмыспен күрестің жайына нормативтік (соның ішінде қылмыстық-құқықтық) базаның жетілдірілмегені, оның қылмыстық әрекеттердің әдіс-тәсілдерінде болып жатқан өзгерістерден кейін қалуы мейлінше теріс әсерін тигізіп отыр. Бұл ретте Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінде бірқатар заңнамалық олқылықтардың жойылғанына қарамастан, кейбір қоғамдық қауіпті әрекеттер олардың объективті әлеуметтік заңдылығы мен елеулі дәрежеде кең таралуы себепті бұрынғысынша тиісті қылмыстық-құқықтық бағасын алған жоқ. Бұған айқын мысал ретінде салық төлеуден жалтару мақсатында салықтық жеңілдіктердің заңсыз пайдаланылуын келтіруге болады. Осымен байланысты қазіргі жағдайда бірінші кезектегі міндет қылмыстық заңнаманы жетілдірумен қатар, қолданылуы мейлінше тиімді және салық саласындағы қылмыстармен күрестің жайына ықпал ететіндей оңтайлы шаралар шеңберін айқындау болып табылады. Қазіргі уақытта салықтық теріс пайдалануларға қарсы қылмыстық-құқықтық құралдармен пәрменді күрес проблемасының жеткіліксіз әзірленгенін атап көрсету керек. Әрине, қаралып отырған сұрақтарды бұрын да құқықтанушы ғалымдар зерттеген. Алайда, олардың жұмыстарында қылмыстардың біліктілігі мен жазаның жеке-жеке қолданылу проблемалары ғана қозғалды. Салық саласындағы қылмыстармен күресте бүкіл қылмыстық-құқықтық құралдар кешенін пайдалануға (қылмыстардың алдын алу, жолын кесу және қылмыстық жауапкершілікті жүзеге асыру) жататын қалған мәселелер нақты зерттелген жоқ. Салық салу мәселелері жөніндегі конституциялық талаптарды дұрыс және негізді орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының 2006 жылғы 23 маусымдағы «Салық заңнамасын қолданудың сот тәжірибесі туралы» № 5 қаулы қабылданды⁵.

Бірақ осыған қарамастан, тәжірибеде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 222-бабы бойынша қылмыстық әрекетті сыныптау кезінде келесі қиындықтар пайда болуда:

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 222-бабына тиісті ескертпеде егер төленбеген салық немесе міндетті төлемдер сомасы жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асса, ұйымның салық немесе мемлекеттік бюджетке төленетін міндетті төлемдерді төлемеуі ірі мөлшерде жасалған деп және егер төленбеген салық және (немесе) басқа да міндетті төлемдер сомасы елу мың айлық есептік көрсеткіштен асса, аса ірі мөлшерде жасалған танылады деп көрсетілген⁶, алайда ұйымның салықтарды немесе өзге міндетті төлемдерді мемлекеттік бюджетке төлемеуі қандай кезеңде жоғарыда аталған айлық есептік көрсеткіштерден асуы тиістігі нақтыланбаған, сондықтан ұйымның салықты немесе мемлекеттік бюджетке төленетін міндетті төлемдерді бірнеше рет төлемеуін анықтауда қиындықтар туады.

2. Сонымен қатар, ұйым басшысы қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде олармен жеке еңбек шарттарын жасаспау оқиғалары кездесуде, ол өз кезегінде зейнетақы қорларына қызметкерлердің әлеуметтік салығын мен міндетті зейнетақы төлемдерін төлеуден жалтаруға алып келуде. Алайда ҚР Қылмыстық кодексінің 222-бабының диспозициясында қызметкерлермен жеке еңбек шарттарын жасаспау ұйымның салықты төлеуден жалтару тәсілі ретінде көрсетілмеген, ол өз кезегінде заңнамадағы кемістік болып табылады.

Аталғандар негізінде біз мынадай ұсыныстарды енгізу туралы түйін жасадық:

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 222-бабының ескертуін «ұйымның салық және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлемеуі, егер төленбеген салық және (немесе) басқа да міндетті төлемдер сомасы бір қаржылық жыл кезең ішінде жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асса, ірі мөлшерде жасалған деп және егер төленбеген салық және (немесе) басқа да

АЛИЕВА Д. Б. ҰЙЫМДАРҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚТАРДЫ ТӨЛЕУДЕН ЖАЛТАРУ...

міндетті төлемдер сомасы аталған кезең ішінде елу мың айлық есептік көрсеткіштен асса, аса ірі мөлшерде жасалған деп танылады» деген редакцияда жазу қажет.

2. ҚР Қылмыстық кодексінің 222-бабының диспозициясын «декларация табыс ету міндетті болып табылса да, декларацияны табыс етпеу не декларацияға кірістер және (немесе) шығыстар туралы көрінеу бұрмаланған деректерді енгізу жолымен, салық салынатын басқа да объектілерді және (немесе) басқа да міндетті төлемдерді жасыру жолымен, ұйым басшысының ұйымға жұмысқа қабылдау барысында қызметкерлермен жеке еңбек шарттарын жасаспау жолымен ұйымдарға салынатын салықты және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару, егер бұл әрекет салық және (немесе) басқа да міндетті төлемдерді ірі мөлшерде төлемеуге әкеп соқса» — деген редакцияда жазу қажет.

¹ Бугаян И. Р. Макроэкономика. — Ростов-на-Дону, 2006.

² http://ua.coo1referat.com/Фискальная_политика_Республики_Казахстан

³ Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «"Қазақстан-2050"» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // <http://mod.gov.kz/mod-kz/index.php/2009-06-26-02-24-51>
⁴ <http://suprcourt.kz> сайтынан статистикалық мәліметтер.

⁵ Сборник постановлений Пленума Верховного Суда Казахской ССР, Пленума Верховного Суда Республики Казахстан, нормативных постановлений Верховного Суда Республики Казахстан (1968-2011 годы). — Алматы, 2011. — С. 648

⁶ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Оқу-әдістемелік құрал. — Алматы, 2012. — 184 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются причины порождения экономических преступлений, в том числе преступлений в сфере уклонения от уплаты налогов. В качестве одной из причин автор называет недостатки в уголовном законодательстве и дает свои предложения по совершенствованию уголовного закона в этой части.

Resume

In this article the reasons of generation of economic crimes are considered, including presetupleniye to the sphere of evasion of taxes. Shortcomings of the criminal legislation of the sphere of evasion of taxes act as one of the reasons. In this regard offers on improvement of the specified shortcomings are provided.